ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Дипломатия Институты**

қолжазба құқығында

**Баймагамбетова Маржан Болатовна**

# АЗАМАТТАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

«7М031 – Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты бойынша
«7М03111 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші_______________Сыдықназаров Мұхит Қаржаубайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
саясаттану докторы,

Жоба қорғауға жіберілді: «16»_____маусым_____2022 ж

Дипломатия институтының директоры:_________Абишева Мариан Асаровна,
саяси ғылымдарының кандидаты

**Нұр-Сұлтан, 2022**

## МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**………………………………… | 3 |
| **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**……………………………. | 4 |
| **КІРІСПЕ** ……………………………………………………………… | 5-10 |
| **ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ**…………………………………………….. | 11-13 |
| **ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**.......................................................................... | 14 |
| **ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**<br>**1 АЗАМАТТАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**<br>1.1 «Көшіп келуші», «жерлес», «оралман» және «қандас» түсініктері................................................................................................ | 15-17 |
| 1.2 Қазақстан Республикасына репатриациялаудағы нормативтік құқықтық құжаттар.......................................................................... | 17-21 |
| **2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА РЕПАТРИАЦИЯ ҮРДІСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**<br>2.1 Қазақтарды репатриациялау – мемлекеттік этникалық саясаттың маңызды бағыты.......................................................................... | 22-25 |
| 2.2 Репатрианттардың Қазақстанда тұратын өңірлері бойынша талдау................................................................................................ | 25-29 |
| 2.3 Қазақстандағы репатриация мәселелерін шетел тәжірибесі негізінде жетілдіру.......................................................................... | 29-37 |
| **ҚОРЫТЫНДЫ**................................................................................ | 38-40 |
| **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ**.................................. | 41-49 |
| **ҚОСЫМША 1**..................................................................................... | 50-56 |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысының 2022 жылы 16 наурыздағы Жолдауы.
2. «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399. *Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 88 Жарлығы.*
3. «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы № 3308. *Күші жойылды - ҚР Президентінің 2005.11.21. N 1673 жарлығы.*
4. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.
5. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы.
6. «2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126.
7. «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйек № 900.
8. «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72.
9. «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м.

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| БҚО | – | Батыс Қазақстан облысы |
| ЖАО | – | Жергілікті атқарушы органдар |
| ЖОО | – | Жоғары оқу орны |
| ЖТҚ | – | Жеке тұрғын үй құрылысы |
| КСРО | – | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| ҚР | – | Қазақстан Республикасы |
| ҚР ЕХӘҚМ | – | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| ҚР ІІМ | – | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |
| ҚХР | – | Қытай Халық Республикасы |
| ОҚО | – | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| «Отандастар қоры» КЕАҚ | – | «Отандастар қоры» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| СҚО | – | Солтүстік Қазақстан облысы |
| ТМД | – | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| ШҚО | – | Шығыс Қазақстан облысы |

# КІРІСПЕ

**Магистрлік жоба тақырыбын таңдауға негіздеме.** Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауында [1] елдің әкімшілік-аумақтық құрылымында өзгерістер орын алатынын және бұл өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетіп, азаматтардың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатып, ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізетінін атап өтті.

Сонымен қатар, елде қазір білікті мамандар жетіспейтін ауылдарға жұмысқа баруы үшін әзірленген «Дипломмен ауылға»[2], және тағы басқа мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жұмыссыз жүрген қаншама азаматтарымызға, сондай-ақ қандастарымызды жұмыспен қамту саласында ауқымды іс-шаралар жүргізілуде және бұл ретте елге қайтып келіп жатқан репатрианттардың да орыны зор.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған интеграциялау процесін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды бірнеше топқа бөлуге болады. 1992 жылы 15 желтоқсанда қабылданған «Көшіп келу туралы» ҚР заңы [3]. Елдегі көші-қон үрдістеріндегі өзекті мәселелер мен болашақ бағдарларды айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше Жарлықтар шығарды. Атап айқанда: шет елде өмір сүретін отандастарымызбен жүргізілетін бірқатар шараларды айқындап берген 1996 жылдың 13 желтоқсанында қабылданған «Шетелдердегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 3308 Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы [4]. Мұнда шетелдегі отандастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени сұрақтарын зерттеуге, қазақтарды ары қарай дамыту перспективасы анықталды.

Келесі 1997 жылы 19 наурызда қабылданған «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі бағыттары» атты Қазақстан Республикасының Президентінің № 3419 Жарлығы [5].

Репатрианттардың елге оралу мәселесін айқындайтын тағы бір құжат болып «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы» болды [6]. Осы құжат репатрианттардың көшу бойынша сұрақтарын шешуге бағытталып, сондай-ақ олардың жаңа этникалық ортада бейімделу мәселелерін қамтыды.

Алайда, қабылданған құжаттар халықаралық заңдылықтардың қойған базалық талаптарына толығымен жауап бере алмады.

Сондықтан, 1997 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы қабылданып, қандастардың құқықтық мәртебесін жан-жақты анықтаған алғашқы құқықтық құжат болып табылды [7].

Сонымен қатар, репатриациялау мен бейімдеудің негізгі аспектілері жалпыұлттық бағдарламаларда да өз орнын тапты.

Атап айтқанда: Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының салалық бағдарламасы [8], «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы Қаулысы [9], Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10], Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015

жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Жарғысы [11], Қазақстан-2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [12], Қазақстан-2050 Стратегиясы [13], «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2021 жылғы арналған жол картасын бекіту туралы қаулысы [14] және т.б.

2019 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «қандас» сөзін енгізу жайлы сөз қозғап, бұл түсінікті тарихи отанына қайтып келген этникалық қазақтарға қатысты пайдаланылып жүрген «оралман» сөзінің орнына қолдануды ұсынды, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап «қандас» сөзі ресми түрде репатрианттарды атау үшін қолданыла бастады [15].

Сонымен қатар, қандастарды (репатрианттар-этникалық қазақтар) бейімдеу мен ықпалдастырудың арнайы орталықтары құрылды. Қазақтардың репатриациясы ҚР көші-қон саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Әлемдік тәжірибенің көші-қон процестерінің ерекшеліктерін және біздің еліміздің репатриациямен байланысты тәжірибесін зерттеу белгілі бір аймақтағы мигранттардың жекелеген топтарының аккультурациясының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе өзінің саяси және әлеуметтік-мәдени маңыздылығына байланысты кешенді терең зерттеуді қажет етеді.

**Зерттеу өзектілігі мен мәселелері.** Заңның 16-бабына сәйкес [7] «репатриант (қандас), мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп танылған адамдардың әрқайсысына куәлік берілетінін және олардың құқықтық мәртебесі анықталады». Бұл ұғымға әртүрлі себептермен тәуелсіздік жылдары басқа елде тұрып, тарихи Отанына қайту мақсатымен елге оралған, сонымен қатар бұрынғы диаспоралық адамдарды жатқызамыз.

Бүгінгі күні Қазақстанның заңнамалық актілерінде қандастардың азаматтық-құқықтық мәртебесі айқындалған. Қандастар қазіргі демографиялық саясаттың негізгі объектісі болып табылады және Қазақстанның көші-қон саясатында айрықша орын алады, елдің қазіргі көші-қон саясатында мемлекеттік реттеудің басты объектісі болып табылады. «Қандас» ұғымы бүкіл әлемге таралғанына қарамастан, олардың этникалық бірегейлігін, тұрмыстық дәстүрлерін, тілін және көптеген ұлттық құндылықтарын сақтауында болып отыр. Қазақ диаспорасы шын мәнінде халықтың үлкен әлеуетін құрайды, бұл республика азаматтарының санын ұлғайтуға және байырғы ұлт халқының санын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Этникалық репатриацияның мақсаты, әдетте, азаматтардың санын көбейту ғана емес, сонымен бірге қоныс аударушыларды олар үшін жаңа елге әлеуметтік және мәдени интеграциялау болып табылады, бұл оның ішкі тұрақтылығын нығайту үшін қажет. Бұған түрткі этникалық сәйкестілік немесе ортақ тарихи құндылықтар болып табылады. Отандастарды қайтару бағдарламасын жүзеге асыруда Қазақстан үшін басқа елдердің осы саладағы тәжірибесін жинақтап, зерттеу маңызды болып табылады. Бұл зерттеу біздің елдегі репатриация мәселелерін анықтау мен оларды шетел тәжірибесі негізінде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Репатриация мәселесі және онымен байланысты қандастардың жаңа әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке бейімделуі мен ықпалдасуы бүкіл әлемде әрқашан өзекті болып табылады. Қандастардың бейімделуінің жоғарыда аталған мәселелері әлемдегі көші-қон процестерінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, олардың табысты реттелуі қоғамның тұрақты және прогрессивті дамуына оң әсер етеді.

Бүгінгі таңда келесі мәселелер өзекті болып табылады: Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, жұмысқа орналасу және тіл мәселесі, тұрғын үй мәселелері және орналасу.

Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің төмен болуына байланысты қандастарды жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналастыру қазіргі күні толық тиімді емес. Сонымен қатар, олар қажетті құжаттарды дайындауда үлкен қиындықтарға тап болады. Соңғы жылдары бұл саланың айтарлықтай дамуына қарамастан қазіргі күні елімізде әлі де шешілмеген мәселелер жеткілікті.

Бұл мәселелердің негізгісі болып көші-қон субъектілерінің жалпы міндеттері мен құқықтары, оралуы мен ықпалдасуы, қоныстануы мен бейімделуіне тікелей әсерін тигізетін құқықтық ұғымдарды нақты қалыптастыру сұрақтары табылады. Бұл сұрақтардың шешілу деңгейі Қазақстанның тұрақтылығы мен болашақтағы дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып келеді.

Сондықтан бүгінгі таңда жалпы қоғам тұрақтылығы мен нақты қоғамдық қатынастарға тікелей оң әсерін тигізетін нормативті-құқықтық реттеудің тиімділігін жоғарылату өзекті мәселе.

Бұл бағытта құқық қолдануды арттыру, құқықтық мәдениет деңгейін және мемлекетпен заң шығармашылығын жетілдіру бойынша уақтылы және кешенді іс-шараларды жүзеге асыру керек. Осы орайда, репатриацияның әлемдік тәжірибесін және елімізде қолданылып жатқан жаңа тәсілдерді зерделеу өте маңызды.

**Магистрлік жобаның мақсаты**. Еліміздегі репатриация мәселесіндегі кемшіліктерді анықтау, анықталған кемшіліктерді халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде репатриацияның шетелдік және отандық тәжірибесінің негізгі мәселелерін жетілдіру бойынша ұсыныс беру.

**Магистрлік жобаның міндеттері:**

- «көшіп келуші», «жерлес», «оралман» және «қандас» ұғымдарының ғылыми мазмұнын анықтап, оның құқықтық мазмұнына әсерін анықтау;
- шет мемлекеттердегі отандастардың оралуын құқықтық реттеу тәжірибесіне салыстырмалы құқықтық талдау жасау;
- репатриация мәселелері саласындағы заңнаманы саралау және жетілдіру жолдарын көрсету;
- Қазақстан Республикасында этникалық қазақтарды репатриациялау институтының қалыптасуын талдау;
- репатриация мәселелерін шешуде озық шетел тәжірибесін қарастыру;
- этникалық қазақтардың бейімдеу барысындағы мәселелерін зерделеу;

- азаматтарды репатриациялаудағы мәселелерді жетілдіруде халықаралық тәжірибе негізінде озық ұсынымдарды ұсыну.

**Зерттеу объектісі.** Қазақстан Республикасындағы репатриация мәселесінің қазіргі жағдайы, мәселелері мен шешу жолдары, сонымен қатар мәселелерді жетілдіру мақсатында шетел тәжірибесін қолданудағы іс-шаралар.

**Зерттеу субъектісі.** Қазақстандағы репатриация процесіндегі шетел тәжірибесін қолдану мен жаңа тәсілдерді қолдануды зерттеу.

**Гипотеза.** Қазақстан Республикасында репатриация мәселелерін дамытуда шетелдік тәжірибені қолдану қажет. Израиль тәжірибесін қолдана отырып, шет елдегі этникалық қазақ жастарына мәдени қарым-қатынас деңгейін көтеру жолдарын қарастырғанда, репатрианттар психологиялық қиыншылықтармен кездесуі кемиді және бұл байланыс орнатып, оларды өз еліне қызмет етуге шақыратын республика деңгейінде жастар орталығы ашылуларына көңіл бөлу артады [82]. Венгрия мен Польша тәжірибесін («Венгр картасы», «Поляк картасы») қолданып, қандастарға берілетін артықшылықтарды заңды түрде реттеу және жүзеге асыру процесі оңтайландырылатын еді [71], [75].

ҚР тілдер туралы Заңының 1-бабының 1) тармақшасында «диаспора» ұғымына анықтама берілген [16]. Алайда, шетелдегі қазақ диаспорасын мемлекеттік қолдау мәселелерін реттеу бұл нормативтік құқықтық актіде көзделмеген.

Бұл ретте Қытайдың тәжірибесін қолдану орынды. Шетелдік қытайларға қатысты саясат «жүректерді шоғырландыру, ақылдарды біріктіру, ұлы қытай ұлтының жандануы үшін мүмкіндіктерді дамыту» атты ұранмен жүргізіледі. Аталған пункт шетелдік қытайларды түрлі формада біріктіру және патриоттық тәрбиені күшейту бойынша жұмыстарды белсендірек дамыту қажеттілігін атап өтеді. Пекин шетелдік қытайлардың жас буынын патриоттық рухта белсенді тәрбиелеп келеді.

Шетелдік қытайлардың, әсіресе шетелде туғандардың балаларында Қытайға деген туыстық сезімдерді дамыту үшін Қытай үкіметі «Қытайлық тамырға қосылу» атты ұранмен үнемі арнайы сапарлар ұйымдастырады.

Осылайша, қытайлық диаспора, шынында, Қытайдың қарқынды түрде жоғарылауында және оның халықаралық ұстанымдарын нығайтуда ерекше рөл атқарады. Қытай Халық Республикасы үкіметінің саясаты осы бірегей резервті барынша пайдалануға бағытталған.

Ол шетелдік қытайлықтарға өндірістік және тұрмыстық сипаттағы көптеген сан алуан ерекше құқықтар мен жеңілдіктер беруге, олардың ұлттық-патриоттық сезімдерін оятуға және оларға қамқорлық пен құрмет көрсетуге негізделген [76].

Сонымен қатар, магистрлік жоба қорытындыларына келесі гипотезалар қойылған:

1. «Қандас» ұғымының мәнін қарастыруда, бұл ұғымға мағынасы жақын «көшіп келуші», «жерлес», «оралман» ұғымдарының анықтамаларын қарастыру орынды.
2. Қазақстан Республикасындағы репатриация мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар бұл саладағы орын алатын барлық мәселелерді

қамтуы міндетті, алайда елдің нормативтік-құқықтық базасы ары қарай дамытуды қажет етеді.

3. Мемлекеттік этникалық саясаттың маңызды бағыты қазақтарды репатриациялау болып табылады.

4. Репатрианттар Қазақстанның өңірлері бойынша әркелкі орналасқан, алайда бұл мәселені шешудегі ел саясатының нәтижелері айқын байқалады.

5. Қазақстан Республикасында репатриация мәселелерін одан әрі дамытуда шетелдік тәжірибені қолдану бірқатар мәселелерді шешуге ықпал етеді.

**Практикалық маңыздылығы.** Қазақстан Республикасындағы көші-қон мәселесімен айналысатын құзіретті органдар, сонымен қатар «Отандастар қоры» КЕАҚ зерттеулерінде жұмыстағы зерттелген басты мәселелер қолданылуы мүмкін.

Жобаның нәтижелері Қазақстандағы ЖОО-дарында Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, шет елдердің конституциялық құқығы, саясаттану, мемлекет және құқық теориясы секілді пәндерді оқытуда пайдалануы және осы магистрлік жоба ішінде жасалған ұсыныстар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынылуы мүмкін.

**Қорғауға шығарылатын мәселелер:**

1. Көші-қон қатынастары өте күрделі процесс және де репатриация мәселесі қай уақытта, қай елде болмасын өзекті тақырып. Заңға сәйкес көші-қон - жеке тұлғалардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде қоныс аударуы [7].

2. Израиль мемлекетінде репатрианттарға арналған жағымды саясат орнатылған. Израиль тәжірибесін қолдана отырып [78], келесі шараларды үйымдастыру қажет:

1) Ел саясатында репатрианттарды орналастыру және мәселелерін шешу бойынша кешенді және стратегиялық бағыт болуы міндетті. Бұл дегеніміз, қандастарды қарсы алу, орналастыру, бейімдеу бойынша шаралар нормативті және кешенді түрде қалыптасуы қажет.

2) Қандастардың отанына оралғандағы басты мәселелерінің бірі қоршаған орта мен жергілікті тұрғындар арасындағы бейімделу процессі. Бұл мәселені шешуде Қазақстанның барлық аймақтарында бейімделу орталықтарын ашуды жалғастыру қажет. Бүгінгі таңда мемлекет бойынша тек үш бейімделу орталығы жұмыс жасап отыр.

3) Кез келген мемлекетті дамытуда айтарлықтай басым рөлді жастар алатындығы белгілі. Бұл орайда этникалық қазақ жастарымен мәдениетаралық ара-қатынасты дамыту бағытында іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Қазақстаннан тыс өмір сүретін қазақтардың арасында қазақ мәдениеті мен тілін тереңірек игерем деген жастар бар.

Олардың бұл бағыттағы жұмысын жеңілдету, дамыту мақсатында еліміздің тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, тарихы туралы ауқымды мағлұмат беретін электронды түрдегі дискілер, кітап жазбаларымен қамтамасыз етуге болады.

4) Айтылған мәселені жүзеге асыру үшін республика деңгейінде жастарға арналған орталық ашылып, басқа елдердегі жастармен қатынас орнатуға бағытталған шаралар орындалса.

Қазақстан тәжірибесіне Польша мен Венгрия тәжірибесінен «Венгр картасы» мен «Поляк картасын» енгізетін болсақ, қандастардың жағдайларын жасау және оларға арналған арнайы артықшылықтарды заңнамалы түрде реттеу процесі дамитын еді.

Мысалы, «Поляк картасы» бар адамдарға берілетін артықшылықтар: Польша ЖОО-да поляк тілінде тегін оқу; стипендия алуға толық құқық; студенттерге қаржылық көмек алуға толық құқық; «D» санатындағы ұлттық поляк визасын тегін ресімдеу; поляк картасы негізінде Польшада болған карта; тегін медициналық қызмет көрсету және т.б. «Поляк картасы» немесе «Венгр картасы» осы шектес елдің Венгр ұлттық қоғамдастықтарының атынан өкілдік ететін және Венгрия Республикасының Үкіметі ұсыным беруші ұйым ретінде таныған тиісті ұйымның ұсынымы болған кезде беріледі.

Мұндай жағдайлар шетелде де бар, мысалы, Польшадан тыс барлық поляктар поляк және европалық, американдық ғалымдар «Полония» ұғымымен, Армениядан тыс барлық армяндар – әлемдік армяндық деген атаққа ие [75]. Бұл ретте, жұмыста ғылыми жетекші саясаттану докторы М.К. Сыдықназаровтың ұсынысы бойынша теориялық тұрғыдан тексерілген тезисте шетелдегі барлық қазақтардың ортақ белгісі – Қазақия деген түсінік беріледі.

3. Бүгінгі таңда қандастардың Отанына оралуы және бейімделу бағытында көптеген нормативті-құқықтық актілер қабылданып, іс-шаралар орындалып отыр. Дегенмен шешілмеген мәселелер саны жеткілікті. Репатриация мәселесіндегі қазіргі кездегі нормативтік құжаттар аясындағы кейбір нормалардың бір-біріне қайшы келіп жатуы немесе толығымен айқындалмауы, бұл саладағы қатынастарды реттеуде айтарлықтай тежеуіш болып отыр. Арнайы Кодекстің қабылдануы осы олқылықтың орнын жояды деп ойламыз.

**Магистрлік жоба құрылымы.** Жұмыс кіріспе, негізгі мазмұнды қамтитын үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Репатриация мәселесі Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері өзекті мәселесі болып келеді. Осы жылдар көлемінде қандастардың Қазақстанға оралуы келесі отандық авторлардың еңбектерінде орын алды.

С.К. Есетова репатриацияны арнайы кешенді құқықтық институт ретінде анықтауға болатындығын атаған [17].

Бұл ойды жалғастыра отыра, «ирридент» термині мағынасын айқындап кетуге болады. Бұл жағдайға мысал ретінде келесі мемлекеттермен: Қытай, Ресей, Өзбекстанмен шекаралас тұратын қазіргі күні осы мемлекеттерге тиесілі жерлердегі қазақтар сол аймақты өзінің Отаны деп санайды. Олардың ойынша ресми түрде бұл жерлер Қазақстанға тиесілі болмаса да, олар үшін туған жер болып табылатын жерде өмір сүрген дұрыс. Осындай жағдайларда біз этникалық қазақтарға байланысты ирридента терминін қолданамыз.

А. Божқараұлы зерттеуінде оралмандардың кешенді мәселесі-азаматтық пен мүліктік құқықтық қатынастарда құқықтық субъектілігі болмауында делінген [18].

Заң ғылымдарының докторы Б.Б. Досжанов Қазақстанның қазіргі репатриациялау жағдайы бойынша репатриация еліміздің көші-қон саясатының алға көшкенін, бұл салада біршама нормативтік құқықтық актілер қабылданғанын, бюджеттен біршама қаржы шыққанын, сонымен қатар басқа елдердегі қазақ диаспораларымен байланыс орнағанын атап өтті

Осылайша, этникалық қазақтардың елімізге оралуы – еліміздің барлық мүмкіндіктерін ескере отырып атқаратын үлкен жұмыс. Сондықтан, репатриациялау барысында барлық жағдайды ескере отырып, заңнаманы одан әрі жақсарту қажет [19].

Г.М. Меңдіқұлованың айтуы бойынша қандастарымызды репатриациялау – терең зерттеуді талап ететін күрделі процесс екенін, тәуелсіздік алғаннан кейін шарықтау шегіне жеткенін, бұл процесстің елге жетудің, бейімдеу, үймен, жұмыспен, оқу орнымен және құқықтар беру немесе қалпына келтірумен қамтамасыз ететіндігін және бұл сұрақта еліміздің тәжірибесі болмағандықтан, халықаралық тәжірибені зерттеу басталды [20].

Еңбек көші-қоны мен еңбекші мигранттар тақырыбы А.С. Ибраева мен А.А. Турегельдиева еңбектерінде айқындалған. Олардың қазақ диаспорасын қарастыра отырып айтуы бойынша, оның өкілдері бүкіл қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылады, біртұтас ата – бабасы – Қазақстан бар, мұсылман дінін ұстанады, түркітілдес халықтарға жатады, бірақ өткен уақыттағы ішкі және сыртқы саяси оқиғалардан кейін, қазіргі уақытта оның шегінен тыс жерлерде тұрады, көбінесе мұсылман дінін ұстанады, соңғы уақытта халықаралық көші-қон құқығын халықаралық жария құқықтың қосалқы тармағынан халықаралық құқықтың дербес саласына айналдыру үрдісі байқалуда деп айтқан.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта көптеген зерттеушілер мен халықаралық заңгерлер халықаралық көші-қон құқығына, оның қайнар көздерін талдауға аса мән бермейді. Осыны негізге ала отырып, осы мақаланың мақсаты –

халықаралық жария құқықтың қайнар көздері негізінде халықаралық көші-қон құқығының қайнар көздерін ашып көрсету және оларды жүйелі түрде зерттеу [21].

Г.Ж. Асылханова егеменді еліміздің көші-қон бағдары және оралмандар тағдыры мәселесінің теориялық негіздерін қарастыруда осы мәселеге қатысты негізгі ұғымдар мен терминдердің ғылыми кешенін, олардың қалыптасу эволюциясы мен анықтамаларын анықтаудың маңыздылығын атап өтіп, негізгі ұғымдар мен терминдердің анықтамалары мен тізімі тарихи отанына оралған қандастарымызға байланысты репатриация үрдісін реттеу мақсатында жасалған нормативті-құқықтық база кешенінде көрініс табатынын айтқан. Қазақстан үшін репатриация үрдісі әр қырлы және күрделі, тарихи тамыры тереңге кеткен тиянақты зерттеуді қажет ететін атап өткен [22].

Халықтың көші-қонын классикалық деп мойындаған теорияларын тұжырымдайтын авторлардың бірі А.О. Точеная қытайлық иммигранттар американдық қоғамға қосылуға мәжбүр болды, бұл Америкадағы қытай диаспорасының өмір сүруінің қажетті шарты болды.

Бұл материктік Қытаймен диалогқа кедергі болды, өйткені Қытай мен Қытай диаспорасы топтарының пікірлері бір-бірінен жиі алшақ болды, АҚШ-тағы қытайлықтар Қытай мәдениеті мен өркениеті туралы идеалдандырылған түсініктеріне және халықты басқаруға деген ұмтылысына сүйене отырып, көрмеде Қытайды бейнелейтін Қытай ғимараттарының екі «дәстүрлі стилін» сынға алды. Қытайлық американдықтар Чайнатаун аймағындағы барлық ғимараттар ергежейлі және тым төмен деп есептеді, сонымен қатар, үйлердің осындай ергежейлілігіне байланысты олар Қытай сәулет өнері АҚШ-та өліп жатыр деп есептеді деген [23].

Мысалы, құқықтану саласындағы белгілі зерттеушілердің бірі, Н.Н. Зинченко көші-қон мәселелерінің орны халықтың сыртқы көші-қонын халықаралық құқықтық реттеудің нормаларын, принциптерін, көздерін, сондай-ақ тетіктерін жүйелі талдауды қамтитын ізденуші жүргізген зерттеу осы кезеңде адам құқықтарының халықаралық құқығы сияқты халықаралық құқық саласының контекстінде жаңа кіші сала-халықаралық көші-қон құқығы қалыптасуда деп болжауға мүмкіндік беретіндігінде дейді [24].

Р.А. Жұманова «Қандастардың құжаттарын реттеудегі түйіткілді мәселелер» атты мақаласында Қазақстан Республикасының азаматтығына шетелдік тұлғаларды қабылдау үшін құжат тапсырудың әдістерін көрсеткен. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында азаматтық алу процесі репатрианттардың құжаттарды ресімдеуге жұмсалатын елеулі шығыстарымен ұштасады.

Сонымен бірге, жеңілдіктер беру тәртібі жоғарыда айтылғандай дәйекті емес және оралмандардың (біздің отандастарымыздың) пайдасына шешілмейді. Көп жағдайда мұндай іс-қимыл оралмандарды (қанды) қолдау туралы тиісті заңның болмауына байланысты.

Шын мәнінде, оралман мәртебесін алудың қолданыстағы «қандас», жеке сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасының азаматтығы (оңайлатылған тәртіппен) этникалық қазақтарды өзінің тарихи отанына оралуға итермелеуге

арналғанын атап өту маңызды. Алайда, іс жүзінде отандастардың келуіне теріс әсер ететін қосымша бюрократиялық кедергілер жасалуда [25].

Г.Г. Галиакбарова өзінің мақалаларында шетел тәжірибесіне көңіл бөле отырып, қазіргі уақытта шетелдегі этникалық қазақтармен қарым-қатынас, қоныс аударуды мемлекеттік қолдау саясаты Қазақстан үшін барынша өзекті, сондықтан осы мәселені жетілдірудегі шетелдік тәжірибеге бағдарлану орынды болар еді. Көптеген елдер заңнамалық реттеу шеңберінде шетелдегі отандастарына мемлекеттік қолдау қалыптастырды, бұл біз үшін үлгі болуы мүмкін. Шетелдік отандастарымызға деген мұндай көзқарас Балтық жағалауы елдері үшін өте маңызды, әсіресе демографиялық жағдайдағы жағымсыз үрдістер кезеңінде (эмиграция қарқынының төмендемеуі, туудың төмендеуі, халықтың қартаюы). Европалық комиссияның 2006 жылы жарияланған 2015 жылға дейінгі болжамына сәйкес, Литва халқы осы жылға қарай тағы 38,1% – ға, Латвия – 30,7% - ға, Эстония-17,2% - ға қысқаруы мүмкін. Бұл көрсеткіштер Европалық Одақтың барлық елдері арасында ең төмен болып табылады. Бірқатар елдердің халықаралық тәжірибесі шет елдердегі отандастарды, тарихи Отаны – мемлекет тарапынан этностық аз ұлттарды мемлекеттік қолдау мемлекеттік билік органдарының құзыретін құқықтық реттеуден басталатынын көрсетеді. Қазақстанда тиісті заң жобасын қабылдау мемлекеттік органдардың шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау саласындағы құзыретін нақтылауға мүмкіндік берер еді дейді [26].

С.Б. Жаркенова шетелдегі қандастарымыздың мәдени дәстүрлерді сақтау мәселесіне мән береді. Мәдени дәстүр шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазақтардың көптеген ұрпақтары жинақталған тәжірибені өз ұрпақтарына берді, бұл тәжірибені «әкеден ұлға» берудің негізгі тәсілі болып саналады. Біз халық мұрасы - бүкіл қоғамға берілетін әлеуметтік тәжірибе, ал тәжірибені берудің әлеуметтік тәсілі дәстүр деп аталатынын ұмытпауымыз керек. Тәжірибені берудің бұл әдісі қоғамның тиімді өмір сүруіне қажетті уақытпен тексерілген көзқарастарды қамтиды. «Басқа елдердегі қазақтар, яғни диаспоралар үй болуда құдалық, сырға салу сияқты ата-баба дәстүрін ұмытпай келеді. Дастарханға ұлттық тағамымыз бешбармақ пен басқа да ұлттық тағамдарды дайындайды [27].

Бүгінгі күні Қазақстандағы репатриация мәселесі айтарлықтай зерттелген болып табылатынына қарамастан, шешілмеген және айтылмаған мәселелер саны артуда. Осыған байланысты магистрлік жобаның төменде көрсетілген мақсаттары мен міндеттері туындауда.

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Осы жұмысты жазу кезінде Қазақстан Республикасы репатрианттарының проблематикасын толыққанды және объективті зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы әдіснамалық қағидаттар пайдаланылды.

Зерттеуде келесі әдістер қолданылады:

- салыстырмалы талдау әдісі – Қазақстан мен басқа мемлекеттер арасындағы репатриациялау процессінде көптеген жағдайларда нақты фактілерді салыстыруға және бағалауға, оларға өз түсініктерін беруге және қажетті қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

- проблемалық-хронологиялық әдіс – Қазақстанның репатриациялау процесін зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын объективті талдауға ықпал етеді;

- жалпылау әдісі –жағымды және жағымсыз құбылыстарды анықтауға ықпал етеді және де әртүрлі базалық кешенді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

- тарихи-құқықтық әдіс – репатриация саласындағы заңнаманы дамытудың ерекшеліктерін айқындауда қолданылды;

- функционалдық әдіс арқылы репатриация саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік атқарушы органдардың қызметтерін анықтауға мүмкіндік берді.

# 1 АЗАМАТТАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## 1.1 «Көшіп келуші», «жерлес», «оралман» және «қандас» түсініктері

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуында халық және оның көші-қон мәселелері әрқашан өзекті болды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы халық саны 18,75 миллион адамды, ал халықтың бір шаршы шақырымға келетін тығыздығы небәрі 6,93 адамды құрады [28].

Бүкіл әлемде елдің әлеуметтік жағдайына туу, қайтыс болу, ажырасу, некелесу, халықтың табиғи өсімі сияқты себептері үлкен әсер ететіні сөзсіз. Бұдан басқа, сыртқы және ішкі көші-қон мәселесі демографиялық жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін барлық елдерде демографиялық жағдай күрт өзгергені баршаға мәлім.

Иммигрант – азаматтардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, өз еркімен немесе еркінсіз мекенін ауыстыруы. Бұл процесс көптеген елдердің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуының ғана емес, сонымен қатар әлемдік экономиканың қызмет етуінің маңызды факторларының бірі және халықаралық реттеу объектісі. Миграция мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес басым мамандықтар бойынша шетелдік қызметкерлерді тарту экономикалық даму үшін қажеттілік болып табылады [29].

Көшіп келуші – қоғамдық өмірде және жеке адамның өмірінде маңызды функцияларды атқаратын күрделі әлеуметтік процесс. Көші-қон тек бір елдің ішінде (ішкі) немесе елден екінші елге (сыртқы немесе халықаралық) болады. Басқа елден жұмыс істеу немесе тұру үшін мемлекетке келген сыртқы мигранттар иммигранттар болып табылады. Эмигранттар – белгілі бір елден шет мемлекеттерде уақытша болу үшін кету [30].

Көшіп келуші анықтамасы Заңда – өзінің тұрғылықты жерін уақытша немесе тұрақты ауыстырған және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа елде немесе өзінің, бірақ басқа өңірде қоныс аударған жеке тұлға [7].

Сонымен қатар, күнделікті халықтың тұрмысында жоғарыда көрсетілген ресми ұғымдармен қатар, оларға мағынасы жақын «жерлес» ұғымы қолданылады. Бұл ұғым бір жерде (мысалы, қалада немесе ауылда), аймақта, мемлекетте біреумен туылған адамды білдіреді.

Оралман ұғымы – Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі ғылыми, заңнамалық-нормативтік және тұрмыстық қолдануға кірді.

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстанды өзінің тарихи Отаны санайтын басқа елдердің азаматтары – этникалық қазақтар белсенді түрде келеді.

Бұл процесс басқа ұлт өкілдері – неміс, еврей, орыс, белорус, украин, поляк, молдаван, шешен, т.б. қазақ азаматтарының кетуімен қатар жүрді [31].

2020 жылы барлық заңнамалық актілерде оралман сөзі қандас сөзіне өзгертілді [15].

Этникалық қазақтар мен басқа елдердегі қазақтар бүкіл қазақ халқының бөлінбес бөлігі. Олардың ортақ атасы – Қазақстан, өткен ішкі және сыртқы саяси оқиғалардың нәтижесінде қазір Қазақстаннан тыс жерде өмір сүріп жатыр. Мәселен, Қазақстан аумағынан тыс жерлерде 5 млн. астам қазақ бұрынғы КСРО-ның 14 мемлекетінде және әлемнің 25 елінде тұрады [32].

Қазіргі кездегі шетелде тұрып жатқан этникалық қазақтардың басым бөлігі – 1920-1930 жылдары қазақтар алуан түрлі себептерден, Отанынан еріксіз кеткен ата-бабаларымыздың жалғастырушылары болып келеді [33].

XVIII—XIX ғасырларда басталған және кеңестік кезеңде жалғасқан, жаппай қоныс аударумен және күштеп көші-қонмен сүйемелденген «славян» көшіп келуінің нәтижесінде 1930 жылдардың ортасына қарай қазақтар саны саяси жағдайларға байланысты азайды.

Кейінгі жылдары бұл үрдіс өзгергеніне қарамастан, 1989 жылы қазақтардың үлесі орыстардың үлесінен сәл ғана асып түсті [34].

Қандастардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған азаматтық-құқықтық мәртебесі бар. Қандастар қазіргі демографиялық саясаттың негізгі объектісі болып табылады және Қазақстанның көші-қон саясатында орталық орын алады, елдің қазіргі көші-қон саясатында мемлекеттік реттеудің басты объектісі болып табылады. «Қандас» ұғымы бүкіл әлемге таралғанына қарамастан, олардың этникалық бірегейлігін, тұрмыстық дәстүрлерін, тілін және көптеген ұлттық құндылықтарын сақтауында болып отыр.

Жалпы көші-қон мәселесін қарастырғанда заңнамада көзделген (1- кесте) негізгі ұғымдарды көрсету жөн.

1-кесте – Көші-қон мәселесіндегі негізгі ұғымдар

| **Түсінік** | **Сипаты** |
|---|---|
| Көшіп келу | «шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі». |
| Көшіп келуші | «Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам». |
| Көші-қон | «жеке тұлғалардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде қоныс аударуы». |
| Көшіп-қонушы | «Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам». |
| Репатриация | «Қазақстан Республикасы азаматтарының өз Отанына ерікті және амалсыздан оралуы». |
| Репатриант (репатрианттар) | «өз Отанына өз еркімен және амалсыздан оралған Қазақстан Республикасының бұрынғы азаматы». |

1-кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| Босқын (босқындар) | «негізделген қауіптерге байланысты саяси нанымдар, нәсілі, діні, азаматтығы, ұлты, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша қудалаудың құрбаны болуы мүмкін, өзінің азаматтығына жататын елден тыс жерде болуға мәжбүр болатын және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіптердің салдарынан қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе өзінің бұрынғы әдеттегі тұрғылықты елінен тыс жерде жүрген, осы қауіптердің салдарынан оған орала алмайтын немесе оралғысы келмейтін азаматтығы жоқ адам». |
| Ескертпе – Кесте автормен «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы негізінде құрастырылған [7] | |

Осылайша, көші-қон кез келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерінің дамуының маңызды элементі болып табылады. Этникалық қазақтардың тарихи отанына жаппай оралуы «қан» түсінігінің пайда болуына әкеліп соқты және жалпы мемлекет тарапынан иммиграцияны реттеудің мақсаттары, міндеттері мен тетіктері жүйесін анықтауды және жалпы және мемлекеттік көші-қон механизмін жетілдіруді талап етті. отандастардың қазақ қоғамына экономикалық интеграциясы. Қандастар– бұрын еліміздің азаматы болмаған, тарихи отанына оралған және заңға сәйкес  тиісті мәртебесі бар этникалық қазақ. Нақты түсінігі заңда көрсетілген [7].

## 1.2 Қазақстан Республикасына репатриациялаудағы нормативтік құқықтық құжаттар

Егемендігімізді алғаннан бастап көші-қон саласындағы мемлекеттік мақсаты  әртүрлі себептермен Отанынан кеткен отандастарды қайтару мәселесі болды.

Мемлекеттің осы проблемаға қызығушылық танытуының себептерінің бірі елдегі демографиялық жағдайдың жақсаруы болып табылады.

2013 жылға дейін репатриациялау саясатын іске асырумен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті айналысты.

1991 жылғы 20 желтоқсандағы азаматтық туралы Қазақстан Республикасының Заңы [35], 1995 жылғы 19 маусымдағы еліміздегі шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [36], 1996 жылғы 15 шілдедегі шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [37] және т. б. нормативтік-құқықтық актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президентінің  Жарлығына сәйкес [38] халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оны ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру, көші-қон процестерін реттеу мен мониторингілеу, көші-қонды реттеу саласындағы өкілеттіктер ҚР ЕХӘҚМ құзыреттілігіне ауысты.

Репатриация мәселелерін құқықтық реттеудің құқықтық негіздері 1990 жылғы 25 қазандағы еліміздің егемендік туралы Декларациясында [39], 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Тәуелсіздігіміз туралы Конституциялық заңында [40], Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында қаланды [41].

Бұл ретте декларацияның ерекше маңызы бар. Онда мыналар жарияланған: Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халқының ерік-жігерін білдіре отырып, республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтыла отырып, республикада тұратын халықтар достығын біріктіру мен нығайтуды жалпы адамзаттық міндет деп санайды.

1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңында барлық қазақтардың Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға құқылы екені көрсетілген [40].

Көшіп-қонушылардың құқықтық жағдайын тікелей регламенттейтін бірінші нормативтік акт 1992 жылғы 26 маусымдағы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болды.

Бұл заңның мақсаты қазақтардың шетелден қоныс аударуын ұйымдастыру болды, ол үшін арнайы иммиграциялық ведомство құру, сондай-ақ мемлекеттік иммиграциялық қор құру жоспарланған болатын. Ол сонымен қатар жыл сайынғы иммиграциялық квоталарды белгіледі [7].

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңына [7] сәйкес, орталық мемлекеттік органдар келесілерді қамтамасыз етеді:

- әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган заңнамаға сәйкес зейнетақы төлеу және заңда көрсетілген мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы ҚР Заңына [42] сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін жәрдемақылармен қамтамасыз етеді;

- «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңында белгіленген өтемақы құқығын іске асыру [43];

- Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы ҚР Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу [44];

2) Білім беру саласындағы уәкілетті орган еліміздің Үкіметі айқындайтын мөлшерде кәсіптік орта және кәсіптік жоғары оқуға түсу үшін квота бөлуді қамтамасыз етеді;

3) Сыртқы істер министрлігі елімізге келу үшін берілетін консулдық алымдардан босатуды қамтамасыз етеді;

4) Қорғаныс министрлігі:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызмет атқарудан кейінге қалдыруды ұсыну.

Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жергілікті атқарушы органдар:

1) Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы;

2) Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

- «Мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына [45] сәйкес мемлекеттік медициналық атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

- балабақшаларда, орта мектептерде және заңда көрсетілген орын беру;

- қазақ тілін үйренуге мүмкіншілік жасау.

Қазақстан Республикасының заңнамаға сай [46] олардың Қазақстан Республикасына көшіп келу квотасынан тыс келген қандастарға жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеуге құқығы бар.

Қандастарға жеке қосалқы шаруашылығы, бағбандық және саяжай құрылысы үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді, қоныс аударуға арналған жерлерді, арнайы мақсаттағы жерлерді өтеусіз жер пайдалану құқығына және резервтік жер [47].

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 1-тарау 1 бабының 13 тармақшасына сәйкес [7] қандас ұғымы нақты бекітілген.

Аталған Заңның 3-тарау 17-1 бабына сәйкес «қандастар» мынадай санаттарға бөлінеді:

1) Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастар;

2) Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген және тұрып жатқан қандастар.

«Қандас» мәртебесін берудің негізгі талабы қазақ ұлтына жататындығы болып табылады.

Репатрианттар «қандас» мәртебесінде болудың заңмен қаралған негізгі артықшылықтары – ол этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерінің елімізде оларға арналған бейімдеу орталықтарында тегін қызмет көрсетілуіне, медициналық көмекпен, мектептерде және балабақшаларда, жоғарғы оқу орындарында бөлінген квотаға сай білім алуға, әлеуметтік қорғаумен, жұмыспен қамтамасызданады [7].

2021 жылы этникалық қазақтардың өз отанына «ұлы қоныс аударуының» басталғанына 30 жыл толды. Осы кезеңде Қазақстанға алыс және жақын шетелден 315,8 мыңнан астам отбасы немесе 1 062,2 мың адам келді, алайда соңғы он жылда әртүрлі объективті және субъективті себептер бойынша бұл процесс айтарлықтай төмендеді .

Мәселен, 2019 жылы тарихи отанына оралған және қандасқа айналған этникалық қазақтардың саны 17661 адамды, 2020 жылы - 13046 адамды құрады. Кандас ағынының азаюы тарихи Отанына қоныс аударғысы келетіндердің едәуір бөлігі қоныс аудару бағдарламасының бастапқы кезеңдерінде қоныс аударғанын көрсетеді [48].

Отандастардың тарихи отанына ерікті түрде оралуына жәрдемдесудің мемлекеттік саясаты қазақ халқының сандық тұрғыдан өсуіне елеулі әсер етті.

Алайда, қандастарды қоныстандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі туралы мәселе өзекті күйінде қалып отыр және халықтың солтүстік аймақтардан кету үрдісі мен олардың басқа өңірлерде біркелкі емес шоғырлануына байланысты үлкен маңызға ие болуда.

Мемлекеттік шекаралас аймақтарға қандастарды қоныстандыру бойынша жүргізіліп отырған жұмыстарына қарамастан, демографиялық ахуал тұрақсыз күйінде қалуда.

Этникалық қазақтардың көпшілігі қоныстану үшін елдің оңтүстік бөлігін таңдайды және тығыз қоныстануға тырысады. Бұл ретте отбасылық және достық байланыстардың болуы, сондай-ақ туған елмен табиғи жағдайлар мен өмірдің ұқсастығы ерекше рөл атқарады.

Бұл фактілер қандастардың өздерінің тұрғылықты аймақтық топтарын қалыптастыратынын көрсетеді, демек, жергілікті халықпен толық бірігу мен әлеуметтену жоқ деген сөз, бұл өз кезегінде қоғамдық және саяси шиеленістерге мүмкіндік береді.

Елімізде арнайы «Отандастар Қоры» КЕАҚ-ның құрылуымен тарихи отанына оралған қандастарды орналастыруды ұйымдастыру жұмыстарында бірізділік пайда болып, сараптамалық материалдардың салмағы артты.

Халықаралық көші-қон саясатының қарқынды өзгеруі жағдайында Қазақстанға шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау мәселелерінде басқа елдердің тәжірибесін ескеру өте өзекті.

Шетелдегі этникалық қазақтардың Қазақстанмен мәдени – рухани, экономикалық ықпалдасуын күшейту, табысты қазақтар, дарынды жастар тарапынан инновациялар мен инвестициялар тарту мақсатында шет елдердегі этнодентикалық қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастар мәселелері заңнамалық түрде реттелген басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сәйкес мемлекеттік қолдауды заңнамалық тұрғыдан көздеу қажет.

Қазақстанның қарқынды өзгеріп жатқан көші-қон саясаты жағдайында шет елдердегі отандастарды мемлекеттік қолдау мәселелерінде басқа елдердің тәжірибесін ескеру өте өзекті.

Шетелдегі этникалық қазақтардың Қазақстанмен мәдени-рухани, экономикалық ықпалдасуын күшейту, табысты қазақтар, дарынды жастар тарапынан инновациялар мен инвестициялар тарту мақсатында шет елдердегі этнодентикалық қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастар мәселелері заңнамалық түрде реттелген басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сәйкес мемлекеттік қолдауды заңнамалық тұрғыдан көздеу қажет.

Жаңа Заңға сәйкес қандастарға жәрдемақы тек белгіленген тұрғылықты жері бойынша төленеді, ал шекарадан немесе Қазақстан Республикасынан шыққан жағдайда бюджетке қайтарылуы тиіс.

Бұл шаралар еңбек ресурстарының шамадан тыс көптігін сезінген өңірлердегі шиеленісті жеңілдетеді.

Осы Заң қабылданғанға дейін келген қандастарымыздың тұрғылықты жері олардың өтініші бойынша ғана белгіленетін, бұл мемлекеттік реттеуді қиындатқан. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағандардың ішінде қандастар 98% құрайды [7].

## 2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА РЕПАТРИАЦИЯ ҮРДІСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

### 2.1 Қазақтарды репатриациялау – мемлекеттік этникалық саясаттың маңызды бағыты

2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тарихи отанына оралған қазақтарға қатысты оралман деген сөзден бас тартып, «қандас» терминін қолдануды ұсынғаны белгілі. Қоғамдық пікір бұл бастаманы қолдап, заңнамаға оң өзгерістер енгізілді.

Қандас сөзі кең мағынада географиялық және мемлекеттік-территориялық қатыстылығына қарамастан ағайын, бір этнос өкілдері дегенді білдіреді. Яғни, Қазақстандағы да, шет елдердегі де қазақтардың барлығы өзінің бірегей тарихи шығу тегі мен этникалық шығу тегі жағынан қандастар [49].

Отанына оралған қандастар түрлі мәдени ерекшеліктерден туындаған әлеуметтік-психологиялық бейімделу күйзелістерін бастан кешіреді. Олар тілдік кедергі, қандас ретінде қоғамдағы орны, жергілікті халықтың өмір салты сияқты факторлардан көрініс табады.

Оңтүстік аймақтарға қандастардың көпшілігі Қытай мен Өзбекстаннан қоныс аударатынын ескерсек, қандастардың бейімделуі солтүстік және орталық аймақтарға қарағанда оңай өтеді. Бұл өңірлерде орыс мәдениеті мен тілінің таралуы қандастарға жергілікті жағдайға бейімделу үшін көбірек уақыт қажет ететіндігін білдіреді.

Сондай-ақ, қоныстанған жеріне қарамастан, тарихи отанына оралғаннан кейін отандастар институционалдық мәселелерге тап болды.

Атап айтқанда «қандас» мәртебесін алудағы қиындықтар, тұрғын үй мәселесі, жер учаскесін иелену, өтемақы төлемдерін алу, ақпараттың қол жетімділігі, құқықтық қолдау.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды орналастыру, оларды мектепке тіркеу және медициналық мекемелерге жүгінуге қатысты суықтар туындайды.

Жоғарыда көрсетілген факторлар қандастарды қолдау және тез бейімдеу бойынша жаңа іс шараларды жүзеге асыруды талап етеді, олар кешенді, үнемі реттеліп және жетілдіріп отыруы тиіс.

Иммиграцияны ұйымдастыру мен қолдаудың ең жарқын мысалдары ретінде Израильдің үлгісін келтіруге болады. Мысалы, Израильде әртүрлі мақсатты аудиториямен көмек пен бейімделудің кең жүйесі бар, бұл мемлекеттік бағдарламаларды неғұрлым таңдаулы және икемді етеді [77].

Еліміздегі бейімдеу орталығында да осындай жағдай болғанына қарамастан, бейімдеу орталықтары барлық аймақтарда қамтылмаған.

Репатрианттардың көпқырлы қазақстандық қоғамға бірігуі ұзақ мерзімді, болжануы қиын үдеріс болып табылады, бұл көбінесе екі жақтың - қабылдаушы қоғам мен этникалық қандастардың қалай үйлесім табатындығына байланысты.

Сондай-ақ, белгіленген жеті аймақ пен қандастардың тығыз тұратын өңірлерде этносаралық жағдай мен әлеуметтік-мәдени үйлесімділіктің

объективті бейнесін зерттеу үшін тәуелсіз пікір сауалнамаларын жүргізу тәжірибесін кеңейту қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі мен жүйелі реформалары ел - өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты. Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет. Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді. Бұл Қазақстан үшін ұлтаралық келісімнің басымдығын тағы бір рет көрсетеді және мемлекеттік органдардың алдына жаңа міндеттер қояды» делінген [50].

Қазақстан тәуелсіз өмір сүрген жылдар ішінде халықтың санында ғана емес, этникалық құрамында да елеулі өзгерістер болды, олар негізінен этникалық қазақтарды тарихи отанына қайтарудың көші - қон саясатын іске асырудың арқасында мүмкін болды.

Қазақстан 1990-шы жылдары халықтың сандық шығынын өтей алды. Қазақстанның этникалық картасы да өзгерді - титулдық этнос бүгінде халықтың басым көпшілігін құрайды.

Салалық заңға сәйкес, Қазақстан Үкіметі жыл сайын этникалық қазақтарды қабылдауға өңірлік квотаны белгілейді [7]. Квота жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары мен елдің шетелдік миссиялары арқылы қандастардан келіп түскен өтініштердің негізінде жасалады.

Қазақстанға тәуелсіздік алған жылдары көшіп келген қазақтардың негізгі бөлігі (2-кесте) Өзбекстан мен Қытайдан келгенін аңғартады.

2-кесте – Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға келген репатрианттар саны

| **Ж.а.** | **Өзбекстан** | **Қытай** | **Түркменстан** | **Моңғолия** | **Ресей** | **Қырғызстан** | **Басқа елдерден** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1991 | 52 470 | 34 218 | 7 274 | 6 552 | 1 627 | 702 | 626 |
| 1992 | 49 683 | 32 311 | 6 853 | 6 220 | 1 540 | 663 | 592 |
| 1993 | 34 149 | 22 229 | 4 735 | 4 264 | 1 057 | 456 | 409 |
| 1994 | 21 698 | 14 010 | 3 009 | 2 684 | 674 | 283 | 262 |
| 1995 | 21 874 | 14 228 | 3 031 | 2 728 | 678 | 290 | 7 |
| 1996 | 16 557 | 10 784 | 2 286 | 2 074 | 513 | 221 | 198 |
| 1997 | 11 697 | 7 621 | 1610 | 1 472 | 364 | 156 | 140 |
| 1998 | 12 557 | 8 445 | 1 722 | 1 155 | 391 | 170 | 151 |
| 1999 | 11 437 | 7 696 | 1 565 | 1054 | 357 | 156 | 135 |
| 2000 | 10 382 | 6 973 | 1429 | 956 | 325 | 139 | 127 |
| 2001 | 14 857 | 10 003 | 2 043 | 1 381 | 465 | 202 | 183 |
| 2002 | 18 001 | 12 083 | 2 479 | 1 648 | 562 | 242 | 222 |
| 2003 | 20 261 | 13 619 | 2 794 | 1 869 | 632 | 279 | 246 |
| 2004 | 21 123 | 14 176 | 2 912 | 1 945 | 659 | 285 | 258 |
| 2005 | 23 147 | 15 519 | 3 176 | 2 123 | 722 | 315 | 282 |

2-кестенің жалғасы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2006 | 20 640 | 13 849 | 2 844 | 1 896 | 643 | 277 | 303 |
| 2007 | 16 491 | 11 102 | 2 271 | 1 519 | 515 | 223 | 203 |
| 2008 | 14 336 | 9 645 | 1 971 | 1 322 | 448 | 195 | 177 |
| 2009 | 12 830 | 8 745 | 1 762 | 1 045 | 400 | 175 | 154 |
| 2010 | 13 009 | 8 719 | 1 783 | 1 203 | 410 | 176 | 157 |
| 2011 | 24 858 | 13 956 | 3 160 | 2 576 | 693 | 380 | 299 |
| 2012 | 21 325 | 11 623 | 2 818 | 1 564 | 671 | 305 | 246 |
| 2013 | 16 904 | 10 693 | 3 263 | 1 294 | 539 | 211 | 194 |
| 2014 | 4 335 | 2 244 | 809 | 265 | 141 | 67 | 50 |
| 2015 | 3 280 | 601 | 363 | 379 | 86 | 60 | 38 |
| 2016 | 18 301 | 10 667 | 1 737 | 1 317 | 677 | 172 | 191 |
| 2017 | 7 923 | 8 027 | 959 | 830 | 257 | 99 | 93 |
| 2018 | 6 589 | 5 765 | 810 | 738 | 217 | 217 | 75 |
| 2019 | 6 910 | 7 761 | 1 101 | 1 030 | 286 | 98 | 79 |
| 2020 | 4 079 | 6 925 | 1 132 | 478 | 127 | 75 | 35 |
| 2021 | 13 363 | 1 702 | 1 047 | 449 | 209 | 267 | 51 |
| Ескертпе – Кесте тәжірибе барысында «Отандастар Қоры» КЕАҚ аналитикалық статистикасы негізінде автормен жасалынды. | | | | | | | |

Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан облыстарында қандастар саны жоғары екені көрсетіледі (3-кесте). Бұл осы аймақтардың халқының тығыз орналасуына, жұмыссыздыққа әкеліп соқтырады. Бұл аймақтарды репатрианттар көшіп келген елді-мекендерінің ауа-райының ұқсастығына, яғни жылы климатына, қазақ тілде сөйлеуі сияқты ұқсастықтарына байланысты таңдайтындығына байланысты.

Сонымен қатар, қандастардың қазақ тілінде сөйлегенімен, қазақ тілінде жаза алмауы және осы салдар себебінен бейімделе алмауы жағдайды ушықтыруда.

Маңғыстау облысын таңдау себебі жалақы деңгейінің жоғары болуымен байланыстырады. Бұл аймақтарда қандастардың бейімделуі жеңіл өтеді [51].

3-кесте – 1991-2021 жылдар аралығында келген репатрианттар бойынша мәлімет

| № | Аймақтар бойынша | Барлығы |
|---|---|---|
| 1 | Ақмола облысы | 48 272 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 24 999 |
| 3 | Алматы облысы | 305 260 |
| 4 | Атырау облысы | 13 145 |
| 5 | ШҚО | 53 940 |
| 6 | Жамбыл облысы | 91 670 |
| 7 | БҚО | 3 785 |
| 8 | Қарағанды облысы | 44 320 |

3-кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қостанай облысы | 33 099 |
| 10 | Қызылорда облысы | 3 599 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 160 151 |
| 12 | Павлодар облысы | 20 768 |
| 13 | СҚО | 9 698 |
| 14 | Түркістан облысы | 216 401 |
| 15 | Алматы қ | 21 312 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қ | 33 647 |
| 17 | Шымкент қ | 3 808 |
| Ескертпе – Кесте тәжірибе барысында «Отандастар Қоры» КЕАҚ аналитикалық статистикасы негізінде автормен жасалынды. | | |

Қазақтардың Қазақстанға көшіп келу серпіні елдегі жағдаймен ғана емес, сыртқы факторлармен де айқындалады. Бұл 2015-2017 жылдары Өзбекстаннан келген көшіп - қонушылар санының қысқаруымен қатар, Қытайдан келген қазақтардың Қазақстанға көшіп келуінің елеулі өсуі, сондай-ақ басқа елдерден көшіп келу ағындарының құбылмалы ауытқулары тіркелетінімен расталады.

Осылайша, Қазақстандағы көшіп келудің этникалық ерекшеліктері туралы айтуға болады: ол едәуір дәрежеде қазақ тілі болып табылады және республикаға «репатрианттар» немесе «қандастар» ретінде сәйкестендірілген қазақтарды тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты көрсетеді.

Бұл ретте, егер Қазақстандағы көші-қон процестерін дамытудың екінші және ішінара бірінші және үшінші кезеңдері шеңберінде елге көшіп келу серпіні мемлекеттік шешімдерге толығымен тәуелді болса (іс жүзінде Мемлекет қандастарды қайтару жөніндегі бағдарлама шеңберінде көшіп келу квоталарын бөлу арқылы осы процесті тікелей басқарды), онда есепті кезеңде этникалық көші-қонның негізгі реттеушілері мыналар болып табылады: экономикалық факторлар, сондай-ақ донор елдерде болып жатқан кейбір саяси және әлеуметтік процестер, оның ішінде оларда тиісті адами ресурстардың сарқылуы.

## 2.2 Репатрианттардың Қазақстанда тұратын өңірлері бойынша талдау

Қазақстан аумағы бойынша 9-шы және әлемдегі халық саны бойынша 64-ші орында. Халықтың тығыздығы бойынша біздің еліміз 195 тәуелсіз мемлекеттің ішінде 184 – орында[52].

Қазақстан аумағында 2 724 900 шаршы шақырым алаңда 2021 жылдың басына 18 879 552 мың адам тұрады [53].

Өңірлер бойынша халық санының өсу серпіні оңтүстік өңірлерде (Қызылорда, Алматы, ОҚО, Маңғыстау облыстары), мегаполистерде: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында халық санының ұлғаюын көрсетеді.

Халықтың төмендеуі ШҚО, СҚО, Қостанай, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстарында байқалады.

Солтүстік және солтүстік-шығыс облыстардан эмиграция елді мекендердің депопуляциясына, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне, солтүстік өңірлер экономикасының өсу қарқынының төмендеуіне жанама әсер етуге әкелді.

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 5 679 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. 1991 жылдан бері республикаға барлығы 1 миллион 93,5 мың этникалық қазақ оралды. 2022 жылдың басынан бері Қазақстанға келген қандастардың жартысынан көбі (68,7%) Өзбекстаннан, 10,4% Қытайдан, 8,8% Түркіменстаннан, 2,6% Моңғолиядан және 9,5% басқа елдерден [54].

2020 жылдан бастап Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шетел қазақтарының ерікті қоныс аударушыларын қабылдауға 5 өңір анықталды: Қостанай, Павлодар, Ақмола, ШҚО және СҚО [55].

1) 2019 жылы – 2031 адам: Қостанай облысы– 815, Павлодар облысы– 550, Ақмола облысы – 306, ШҚО - 250, СҚО – 110 адам [56].

2) 2020 жылы – 1 378 адам: Павлодар – 500, Қостанай – 350, Ақмола облысы – 258 адам, ШҚО – 150, СҚО – 120 адам [57].

*Өңірлерді қысқаша талдау*

Шығыс Қазақстан (ШҚО). Аумағы-283,33 мың шаршы км. 2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 1 млн. 367,7 мың адам.

Халық тығыздығы-1 шаршы метрге 4,8 адам / км2. 1991-2021 жылдар аралығында 18 481 отбасы немесе 62 013 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, кандас мәртебесін алды, бұл Шығыс Қазақстан облысының жалпы халқының 4,4 пайызын құрайды [58].

ШҚО-да тұратын 1 млн 356,3 мың адамның ішінде қазақтар 842 471 адамды құрайды (61%). Оның ішінде қандас-қазақтардың жалпы санының 7,2%. Екінші орында орыстар саны бойынша 469 702 адам (35,6%) [59].

Халық тығыз қоныстанған аумақтар Өскемен және Курчатов қалалары болып табылады. Өңірде ел ормандарының жартысы бар, жер қойнауы полиметалл, қалайы-вольфрам және ванадий кендерімен қаныққан.

Өнеркәсіптің негізгі салалары - түсті металлургия, машина жасау, аспаптар мен конденсаторлар өндірісі, электр энергетикасы, химия және ағаш өңдеу. ШҚО Экономикалық рейтингісінде бірінші орында тұр, бірақ әлеуметтік даму бойынша артта қалып отыр[1].

Солтүстік Қазақстан (СҚО, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстары). Аумағы - 565,7 мың шаршы км.2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 3706, 4 мың адам. Халық тығыздығы – 7,2 адам / км2.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп дамыған. Солтүстік өңірлер етті және сүтті мал шаруашылығын және Ара шаруашылығын дамыту үшін әлеуетке ие [60].

Солтүстік Қазақстанға қандастар оралған елдер-Моңғолия, Өзбекстан. 2016 жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысына Қытай, Өзбекстан, Ресей,

[1] ШҚО қатысты мәлімет тәжірибе барысында «Отандастар Қоры» КЕАҚ аналитикалық статистикасынан алынды.

Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Украина сияқты елдерден 850 отандасымыз келген [61].

Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы). Аумағы – 398,8 мың шаршы км.2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 1 млн 376,9 мың адам. Халық тығыздығы-3,4 адам / км2 [60].

Қарағанды облысына 1991 жылдан бастап 2020 жылдың 1 тоқсанына дейін 61 080 репатриант келді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында 322 адамға немесе 171 отбасына қандас мәртебесі берілді [62].

Мұнда көмір өндіру және химия өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, машина жасау, құрылыс индустриясы орталықтары орналасқан.

Етті және сүтті мал шаруашылығын дамыту үшін әлеуеті бар және осы өңірде әлеуметтік инфрақұрылым жүйесі өндірісінің дамуына байланысты жұмыс орындарына сұраныс бар.

Қарағанды облысының экономикалық және әлеуметтік дамуы өнеркәсіп әлеуетінің және әлеуметтік саладағы жоғары көрсеткіштердің арқасында жоғары деңгейде.

Батыс Қазақстан (БҚО, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары) – елдің ірі мұнай-газ өндіретін өңірі. Аумағы – 736 241 мың шаршы км. 2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 2 млн 909,503 мың адам. Халық тығыздығы-3,9 адам / км2 [60].

Батыс Қазақстанға қандастар келген елдер-Моңғолия, Өзбекстан, Ресей және Түркменстан. 2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 966 адам тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға шамамен 1 млн 74,3 мың этникалық қазақ оралды. Келген этникалық қазақтардың 14,2% Маңғыстау облысында қоныстанды [63].

Қандастар өңірдің барлық халқының 7,6% құрайды. Батыс Қазақстан халқының 2 млн 909,503 мың адамынан: қазақтар 2 млн 475,049 мың адамды (85%) құрайды.

Батыс Қазақстандағы саны бойынша екінші этнос-орыс тілі – 290 618 адам (9,9%).

Маңғыстау, Атырау облыстары-елдің мұнай және газ өндіру көлемінде негізгі үлесті алатын экономикалық қарқынды дамып келе жатқан мұнай-газ өндіруші өңірлер және экономикалық, бірақ әлеуметтік даму деңгейі бойынша жоғары позиция алады[2].

Оңтүстік Қазақстанға қандастар оралған елдер – Моңғолия, Өзбекстан, Ресей және Түркіменстан.

1991 жылдан бастап 2020 жылдың 1 тоқсанына дейін Оңтүстік Қазақстанға 531 771 репатриант көшіп келген. Қандастар бүкіл өңір халқының 8,7% - ын құрайды.

---

[2] БҚО репатрианттарына қатысты мәлімет тәжірибе барысында «Отандастар Қоры» КЕАҚ аналитикалық статистикасынан алынды.

Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (32,6%), Түркістан (16,5%) және Жамбыл (6,0%) облыстарына, сондай-ақ Шымкент (12,0%) қалаларына қоныстанды.[3]

Оңтүстік Қазақстан экономикасының негізінде дәстүрлі түрде жеңіл және ауыр өнеркәсіптің алуан түрлі салалары жатыр.

Ауыл шаруашылығы дамыған: мұнда мақта, күріш, жүн, астық, жемістер, көкөністер, темекі, алма, жүзім өсіріледі.

Өнеркәсіп секторында түсті металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, аспап жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, балық және орман шаруашылығы, мал шаруашылығы бар.

Оңтүстік Қазақстан халқының көп шоғырлануына байланысты еңбек ресурстарының доноры болып табылады. Бірақ ол сонымен қатар басқа аймақтардан келген ішкі мигранттарды тартады.

Мегаполис қалалар

1. Нұр-Сұлтан

Ауданы - 797,33 мың шаршы км.2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 1 млн 161,6 мың адам. Халық тығыздығы-1 шаршы км-ге 1,4 адам Нұр-Сұлтан қаласында тұратын 1 млн 161,6 мың адамның ішінде қазақтар 906 391 адамды құрайды (78%). Екінші этникалық орыс-139 443 адам (12 %) [60].

Репатрианттардың Нұр-сұлтан қаласына баратын елдері – Моңғолия, Өзбекстан, Ресей және Қытай елінен келгендері. 1991 жылдан бастап 2021 жылға дейін Нұр-Сұлтан қаласына 33 647 репатриант көшіп келген (3-кестеде көрсетілген). Бұдан бөлек, Нұр-Сұлтанда ТМД елдерінің 5 788 азаматы және басқа мемлекеттердің 5 725 азаматы өмір сүріп жатыр [64].

2. Алматы

Ауданы - 682 мың шаршы км.2021 жылға халық саны – 1 млн 978 мың адам. Халық тығыздығы – 2899 адам / км2. Репатрианттар қазақтардың жалпы санының 1% - ын құрайды.Саны бойынша екінші этникалық топ-орыстар – 465 982 адам (24 %) [60].

Алматы қаласы көші-қон қызметінің мәліметтері бойынша, 2020 жылы 731 қандас Қазақстан Республикасының азаматтығын алды [65].

3. Шымкент

Қазақстандағы республикалық маңызы бар қалалардың қатарына кіреді. Ауданы – 1162,8 мың шаршы км. 2020 жылғы 1 тамыздағы халық саны – 1 млн 054,4 мың адам. Халық тығыздығы – 1 шаршы км-ге 9 адам [60].

1991 жылдан бастап 20201жылға дейін Шымкент қаласына 3 808 репатриант көшіп келді (3-кестеде көрсетілген).

Шымкентке қоныс аударғандардың 3% алыс шетелдерден келсе, 0,6% Ресей мен Қытайдан келген [66].

Мегаполис қалалар: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент экономикалық және әлеуметтік даму бойынша жоғары позицияларға ие, жоғары ғылыми-техникалық дамумен, сараланған экономикамен, дамыған қаржы секторымен, құрылыс

[3] ОҚО репатрианттарына қатысты мәлімет тәжірибе барысында «Отандастар Қоры» КЕАҚ аналитикалық статистикасынан алынды.

жұмыстарының қарқынды дамуымен, инвестицияларды игерудің жоғары деңгейімен сипатталады. Қазақстанның барлық өңірлерінен адамдар осында көшуге тырысады.

Репатрианттардың ең көп саны Оңтүстік Қазақстанда 21,6%, Алматы 16,8%, Жамбыл 9,3% тұрады [67].

Екінші орында Батыс Қазақстан (БҚО, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары). Үшінші орында Солтүстік Қазақстан (СҚО, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстары). Репатрианттардың ең аз саны Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) және ШҚО - да.

Репатрианттар тұрғылықты жеріне Қазақстанның оңтүстік, батыс өңірлері мен мегаполис-қалаларын таңдайды: Нұр-Сұлтан және Алматы. Экономикалық деңгейі жоғары, бірақ әлеуметтік даму деңгейі әртүрлі аймақтар.

Көрсетілген өңірлерде еңбек ресурстарының артық болуы байқалады.

Бұл осы аумақтарда тұратын және келген қандастар арасында жұмыссыздыққа әкеледі.

Еңбек ресурстарының жетіспеушілігі негізінен халықтың көшіп кетуімен байланысты Қазақстанның солтүстік және орталық өңірлерінде байқалады.

Ұсынымдар

1. Аз қоныстанған өңірлерде қандастарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарының санын арттыру.

2. Аз қоныстанған өңірлердің оларды тұтыну мен әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Үкіметтің өңірлерді қоныстандыру саясатын жалғастырған жөн.

3. Аз қоныстанатын өңірлерді таңдайтын қандастарға жеке кәсіпкерлік ашу барысында мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлерімен жеке кәсіпкерлік ашу, салық есебін жүргізу бойынша ашық күндер өткізу арқылы, консультативті көмек көрсету.

4. Салық есептілігін тапсыру бойынша 6 айға дейін мораторий енгізу.

5. Өңірдің ерекшеліктерін және шығу еліндегі репатрианттардың кәсіби дағдыларын ескере отырып, ЖТҚ және жеке қосалқы шаруашылықтарға, жалға берілетін тұрғын үйлерге арналған жер учаскелерінің неғұрлым талап етілетін кәсіптері бойынша әкімнің гранттарын беру түріндегі преференциялар себетін ұсына отырып, қандастарды тарту үшін өңірлік бағдарламаларды әзірлеу.

6. Құжаттарды ресімдеу бойынша ЖАО-ның проблемаларды шешуге нақты белсенді қатысуы (мемлекеттік тілді білетін, осы салада жұмыс тәжірибесі бар қажетті мемлекеттік қызметшілер), қандастардың мәселелерін шешуде алыпсатарлық заңсыз делдалдарды анықтау және құқықтық жауапкершілікке тарту.

7. Этникалық қазақтарды Қазақстандағы қазіргі өмір шындықтарымен таныстыру мақсатында шығу елінің тарихи отанына оралуға ниет білдірген қазақтармен репатриациялау мәселелері бойынша дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жобаларды қаржыландыру.

Репатриацияға дайындық бағдарламасы шығу еліне байланысты әзірленуі тиіс.

## 2.3 Қазақстандағы репатриация мәселелерін шетел тәжірибесі негізінде жетілдіру

Шетелдегі этнобірлестіктерге, оның ішінде репатриацияға мемлекеттік қолдау көрсету Қазақстан үшін өте өзекті тақырып болып табылады. Себебі, отандастармен өзара іс-қимыл мәселелерін шешу саласындағы басқа мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу қолданбалы маңызға ие.

Қазіргі әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер міндетті түрде көші-қонның жаңа толқындарына алып келеді, шетелдегі қандастарға қатысты мәселелерді құқықтық реттеу мәселесін басымдық деңгейіне көтеріп отыр.

Бұл әлемнің ең дамыған елдерінің көпмәдениетті қоғамдар құруға барлық ұмтылыстарымен, соған қарамастан, қоғамдық талаптарға сәйкес, өз отандастарын тарихи отанының төңірегінде топтастыру мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлуге мәжбүр болуымен түсіндіріледі. тарихи әділеттілікті қалпына келтіру.

Сондықтан Израиль, Германия, Польша, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер ұлттық заңнамасын тек көші-қон процестерін қарастыру деңгейінде ғана емес, сонымен қатар шетелдегі қандастарына мемлекеттік қолдау көрсетуді заңнамалық реттеуге сәйкес қалыптастырады [68].

Ресей Федерациясының көші-қон саясаты «отандас» және «отандастардың қайтымды көші-қоны» терминдерін қолданады. «Отандас» ұғымы алғаш рет 1999 жылы заңнамалық деңгейде бекітілді. 2006 жылы шетелде тұратын отандастардың Ресей Федерациясына оралуын ынталандырудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бастапқыда оралған мигранттарды анықтауда этникалық, тарихи және аумақтық принциптердің үйлесімі қолданылды. Заңдарда отандастар Ресей Федерациясының аумағында тұратын этникалық топтардың өкілдері және бұрынғы кеңестік республикалардың этникалық емес ұлттарының өкілдері екендігі айтылған. Іс жүзінде қайтарымды көші-қон мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде «отандас» термині кеңінен түсіндірілген.

Мемлекеттік бағдарламаның қатысушылары үшінші елдерде тұратын шет мемлекеттердің титулдық ұлттарының өкілдері болды. Тағы бір маңызды мәселе «орыс әлемімен» тілдік, мәдени және рухани байланысын жоғалтпаған шет мемлекеттердің титулдық ұлттары өкілдерінің мәртебесі болды. Олардың көпшілігі «отандас» мәртебесін алуға үміткер болды және Ресей Федерациясына оралу мемлекеттік бағдарламасына қатысқысы келді.

2010 жылы «отандас» ұғымына өзгерістер енгізілді:

«1) отандастар —бұл бір мемлекетте туылған, онда тұратын және ортақ тіл, тарих, мәдени мұра, дәстүрлері бір адамдар, сондай-ақ осы адамдардың ұрпақтары;

2) шетелдегі отандастар — Ресей Федерациясының аумағынан тыс жерде тұрақты тұратын Ресей Федерациясының азаматтары;

3) отандастар сонымен қатар Ресей Федерациясының аумағынан тыс жерде тұратын және әдетте Ресей Федерациясының аумағында тарихи тұратын

халықтарға жататын, сондай-ақ Ресей Федерациясымен рухани, мәдени және құқықтық байланыстың пайдасына еркін таңдау жасаған, туыстары тікелей өсу жолында бұрын Ресей Федерациясының аумағында тұрған адамдар, соның ішінде: а) КСРО азаматы болған, КСРО құрамына кіретін мемлекеттерде тұратын, осы мемлекеттердің азаматтығын алған немесе азаматтығы жоқ адамдар; б) Ресей Федерациясына көшіп келгендер (эмигранттар), тиісті азаматтығы бар және шетелдік мемлекеттің азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар болу нәтижесінде Ресей Федерациясына оралған мигранттарды сәйкестендіру әлеуметтік-мәдени қағидатпен толықтырылды» [69], [70].

Венгрия Республикасының Конституциясында шетелдік венгрлердің тағдыры үшін жауапкершілік қағидасы айтылған: «Венгрия республикасы өз шекарасынан тыс жерде тұратын венгрлердің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінеді және олардың Венгриямен байланысын дамытуға ықпал етеді». Көрші мемлекеттермен ерекше байланыстарға сүйене отырып және Конституцияның жоғарыда аталған ережесін ағымдағы заңнама деңгейінде жүзеге асыра отырып, республика Парламенті 2001 жылы «Іргелес елдерде тұратын венгрлер туралы» Заңды қабылдады (Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді). Заңның 1-бабының 1-тармағында осы Заңның күші қолданылатын адамдар тобы көрсетіледі – «Венгрия азаматтығы жоқ, Хорватия Республикасында, Югославия Одақтас Республикасында, Румынияда, Словения Республикасында, Словакия Республикасында немесе Украинада тұратын, ұлты бойынша өздерін Венгр деп санайтын, а) Венгр азаматтығынан өз еркімен бас тарту арқылы айырылған адамдар». Заң олардың жұбайларына және кәмелетке толмаған балаларына да қолданылады (олар этникалық венгрлер болмаған жағдайда да). Бұл ереже Венгрия азаматтығын өз еркімен жоғалтқан немесе Венгрияда тұрақты тұруға рұқсаты бар адамдарға қолданылмайды. «Венгр картасы» осы шектес елдің Венгр ұлттық қоғамдастықтарының атынан өкілдік ететін және Венгрия Республикасының Үкіметі ұсыным беруші ұйым ретінде таныған тиісті ұйымының ұсынымы болған кезде беріледі [71].

Испания мен Португалияның Азаматтық туралы заңдарының негізінде «қан құқығы» қағидасы жатыр, бұл қағида бойынша азаматтық Испаниядан Латын Америкасына, ал Португалиядан Бразилияға, Африкаға (Мозамбик, Ангола, Кабо – Верде және басқа елдер), Үндістанға (Гоа), Макаоға (Аомынь) көшіп келген барлық иммигранттардың ұрпақтарына жеңілдетілген тәртіппен беріледі. Бұрынғы испан отарларынан шыққан және испан тілін білетін кез-келген адам жылдам уақытта азаматтық ала алады.

Сондай-ақ, Испанияда сефардтық еврейлерге азаматтық берудің арнайы ережелері бар, олардың кез-келгені тиісті өтініш бергеннен кейін елдің азаматы болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде оны Венгриядағы еврейлер Испанияға көшу үшін қолданған, ал жаңа тарихта Боснуялық еврейлер осы жағдайды қолдануда.

Қазақстан этникалық қазақтарды қандастардың қайтарымды көші-қон бағдарламасы есебінен тартады. Финляндия, Польша, Венгрия, Жапония да осындай бағдарламаларға ие [77].

Сондай-ақ, диаспорасы жағынан екінші орында тұрған Үндістанның мысалына жүгінген жөн. Үнді диаспорасы АҚШ, Ұлыбритания және басқа да Батыс елдерінде өте ықпалды. Оның өкілдері сонымен қатар Африкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Оңтүстік Африкада және Таяу Шығыста тұрады. Құрама Штаттардағы үнділер қауымы 3,3 миллион адамға жетті және «беделді және білікті күш» ретінде танылды [72].

Диаспора ел халқының 1 пайызын құрайды. Үндістандық студенттер елдегі ең сұранысқа ие мамандықтарды алады. Үндістан азаматтарының осылайша таралуы үнді мәдениетінің дамуына да оң әсерін тигізеді. Мысалы, диаспоралар қызметінің арқасында үнді киноиндустриясына, одан кейін мәдениетке деген қызығушылық арта түсті. Бұл тәжірибені қарастыру «Қазақ картасын» әзірлеуді де қарастырады, өйткені ол қазақ мәдениетінің әлемге таралуына ықпал ете алады [72].

Финляндия қайтару мәселелерінде «қан құқығы» принципіне сүйенеді. «Шетелдіктер туралы актіге» сәйкес Финляндияда тұруға рұқсатты: а) бұрынғы Кеңес Одағының аумағында тұратын фин ұлтының адамдары (ингерманланд финдері); б) ұлты фин азаматтар, Финляндияның бұрынғы азаматтары және Финляндияның бұрынғы азаматтарының ұрпақтары ала алады.

Адам фин ұлты бар деп саналады, егер: а) оның өзі финнан шыққан болса; б) оның ата-анасының біреуі финнан шыққан болса немесе оның ата-әжесінің кем дегенде екеуі финнан шыққан болса. Финдік шығу фактісін қолдағы құжаттарымен растауға болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, 1943 және 1944 жылдары КСРО-дан Финляндияға қоныс аударған және ол аяқталғаннан кейін қайтып оралған адамдар тұруға рұқсат беріледі және сол аралықта фин армиясында қызмет еткен адамдар тұруға рұқсат беріледі. Қоныс аударушыларға келесідей талаптар қойылған.

Ең алдымен, тілге қатысты. Олар фин немесе швед тілдерін меңгеру деңгейін, Еуропа Кеңесі құрастырған тілді оқытудың жалпыеуропалық құзыреттілігі бойынша А2 меңгеру деңгейінің сипаттамасына («өмір сүру деңгейі») сәйкес тексеруге мүмкіндік беретін тілдік тест тапсыру қажет. Бұл деңгейде тіл қолданушы оны қарапайым әлеуметтік байланыстар мен күнделікті істерде қолданады. Өткізілген тест тіл қолданушысының күнделікті өмірде таныс заттар туралы қарапайым және тікелей ауызша немесе жазбаша ақпарат алмасуды қажет ететін жағдайларда нақты сөйлесетіндігін көрсетеді.

Ол күнделікті өмірге және шұғыл қажеттіліктерге қатысты нақты және баяу сөйлеуді, сондай-ақ бұл туралы қысқа қарапайым мәтіндерді түсінеді. Деңгейді анықтау тестіленушінің өз білімін қалай игергеніне байланысты болмауы керек. Тұрғын үй талаптары, яғни Финляндияда тұрғын үйі болуы тиіс. Жұмыс орнынан берілетін пәтер, сондай-ақ жеке тұрғын үй немесе жалға

берілетін пәтер болуы мүмкін. Қоныс аударушының отбасы мүшелері (жұбайы, зайыбы, бірге тұратын адам, 18 жасқа дейінгі балалар) да тұруға ықтиярхат алады [73].

Әдетте, ҚХР-дан тыс жерде оқыған қытай студенттерінің басым бөлігі оқу бітіргеннен кейін Отанына оралады. Қайтарудың негізгі себебі — Қытайдың тұрақты дамуы мен өсіп келе жатқан күші, сондай-ақ оралған мигранттарды тартудың арнайы бағдарламалары. Қытай «1000 адамға арналған жоспарды» дәйекті түрде жүзеге асыруда. Жоспарды әзірлеу 2008 жылы басталды. Жоспар шетелден маңызды мемлекеттік жобаларға, оқу орындарына және орталық бағыныстағы кәсіпорындар, республикалық маңызы бар қаржылай мекемелерге, алдыңғы қатардағы техникалық аумақтарға жоғары деңгейдегі кадрларды тартуға бағытталған. Елімізде шетелден келген отандастарымыздың стартаптарына арналған 300-ден астам бизнес-инкубаторлар құрылды, онда жұмысқа орналасу мүмкіндігі көп және бизнесті реттеудің жеңілдетілген саясаты қабылданды. Қытай ҚХР-дан тыс жерлерде оқитын қытайлық студенттерді өз бизнесін ашу және инновацияларды ілгерілету мақсатында отанына оралуға ынталандыру үшін одан да көп бағдарламалар құруды жоспарлап отыр. Жоспарланған шаралардың ішінде: жергілікті деңгейде сертификаттау рәсімдерін жеңілдету; тіркеуді жеңілдету; мамандардың балаларының білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау; стартаптарды қаржыландыру үшін зияткерлік меншік құқығы негізінде кредиттер беру; сауда белгілерін тіркеудің жеңілдетілген рәсімдері; экспортқа өтінім беру процесін оңтайландыру; ғылыми-технологиялық әзірлемелерді коммерцияландыруды қолдау. Сонымен қатар, Қытайға оралған мамандарға толыққанды көмек көрсету үшін мемлекеттік қызметтер жүйесі құрылуда. Нәтижесінде, Қытай біртіндеп таланттарды экспорттау елінен таланттарды, соның ішінде жоғары білікті кадрларды тарту еліне айналуда. Шетелде оқығаннан кейін қайтып келген азаматтар өз салаларында жоғарғы санаттағы қызметкерлер ғана емес, сонымен қатар жаңа типтегі елді құрудың қозғаушы күші болады [74].

Отанына оралған қандастар түрлі мәдени ерекшеліктерден туындаған әлеуметтік-психологиялық бейімделу күйзелістерін бастан кешіреді. Олар тілдік кедергі, қандас ретіндегі қоғамдағы орны, жергілікті халықтың өмір салты сияқты факторлардан көрініс табады. Оңтүстік аймақтарға қандастардың көпшілігі Қытай мен Өзбекстаннан қоныс аударатынын ескерсек, қандастардың бейімделуі солтүстік және орталық аймақтарға қарағанда оңай өтеді. Бұл өңірлерде орыс мәдениеті мен тілінің таралуы қандастарға жергілікті жағдайға бейімделу үшін көбірек уақыт қажет ететіндігін білдіреді.

Сондай-ақ, қоныстанған жеріне қарамастан, тарихи отанына оралғаннан кейін отандастар институционалдық мәселелерге тап болады. Атап айтқанда «қандас» мәртебесін алудағы қиындықтар, тұрғын үй мәселесі, жер учаскелерін иелену, өтемақы төлемдерін алу, ақпараттың қол жетімділігі, құқықтық қолдау. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды орналастыру, оларды

мектепке тіркеу және медициналық мекемелерге жүгінуге қатысты сұрақтар туындайды.

Жоғарыда көрсетілген факторлар қандастарды қолдау және тез бейімдеу бойынша шараларды жүзеге асыруды талап етеді, олар кешенді, үнемі реттеліп және жетілдіріп отырылуы тиіс.

Сонымен қатар, шетелдегі отандастарымызды қолдауда бірқатар шаралар жүргізу қажеттілігі жайлы атап өтуіміз қажет.

Осыған байланысты қазіргі күні «Отандастар қоры» КЕАҚ «Шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау туралы» Заң жобасымен жұмыс істеуде. Шетелдік отандастардың құқықтық жағдайын заңнамалық реттеудің орындылығы Қазақстанда шетелдік отандастарды, оның ішінде этникалық қазақтарды қолдау мәселелерін реттейтін бірыңғай арнайы құқықтық актінің болмауынан туындады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау мәселелерін заңды түрде реттеген көптеген елдер «карта» беру механизмін қолданады (бұл шартты атау, әр елдің өзіндік ерекшеліктері бар): Польшадағы поляк картасы, Ресейдегі, Грузиядағы отандастың куәлігі және т. б.

Мысалы, «Поляк картасы» бар адамдарға берілетін артықшылықтар: Польша ЖОО-да поляк тілінде тегін оқу; стипендия алуға толық құқық; студенттерге қаржылық көмек алуға толық құқық; «D» санатындағы ұлттық поляк визасын тегін ресімдеу; поляк картасы негізінде Польшада болған карта; тегін медициналық қызмет көрсету және т.б. «Поляк картасы» немесе «Венгр картасы» осы шектес елдің Венгр ұлттық қоғамдастықтарының атынан өкілдік ететін және Венгрия Республикасының Үкіметі ұсыным беруші ұйым ретінде таныған тиісті ұйымның ұсынымы болған кезде беріледі [71], [75].

«Қазақ картасы» деп аталатын құжат — бұл адамның қазақ халқына тиесілігін растайтын құжат, ол тарихи және этникалық Отанымен және ұлттық мәдени мұрасымен байланысты сақтау үшін шетелде тұратын этникалық қазақтарды қолдау бойынша маңызды құрал болуы тиіс.

Қытайлық диаспора орасан зор капиталдың, технологиялардың, кәсіпкерлік тәжірибенің, халықаралық іскерлік байланыстардың иегері болып табылады. Мәдени-тілдік тұтастық, сондай-ақ ұлттық-психологиялық дәлелдер мен дәстүрлер Қытайдың барлық қалған шетелдік экономикалық серіктестеріне қарағанда оны этникалық отанмен ынтымақтастыққа біршама әуес әрі бейімді етеді.

Осылайша, қытайлық диаспора, шынында, Қытайдың қарқынды түрде жоғарылауында және оның халықаралық ұстанымдарын нығайтуда ерекше рөл атқарады. Қытай Халық Республикасы үкіметінің саясаты осы бірегей резервті барынша пайдалануға бағытталған. Ол шетелдік қытайлықтарға өндірістік және тұрмыстық сипаттағы көптеген сан алуан ерекше құқықтар мен жеңілдіктер беруге, олардың ұлттық-патриоттық сезімдерін оятуға және оларға қамқорлық пен құрмет көрсетуге негізделген [76].

Сонымен қатар, тағы бір репатрианттар мәселелерін жетілдіру жолы ретінде Израиль тәжірибесін қолдану орынды. Бүгінгі таңда Израиль мемлекеті

өзінің шетелдік отандастарына бірқатар білім беру бағдарламасын ұсынуда. Мәселен, Израиль заңнамасына сәйкес барлық деңгейдегі білім беру жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша тиісті мемлекеттік шаралар көзделген. Олардың барлығы сионизм идеологиясына негізделген және мақсаты – еврей халқын өзінің тарихи отанында біріктіру және жандандыру.

Әрине, бұл жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру құралы ретінде репатрианттарды қолдаудың әртүрлі бағдарламалары, соның ішінде, білім беру бағдарламалары да аз емес. Мысалы, Израильде балалар мен жастар, сондай-ақ жаңа мамандықты оқыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу немесе ескісі бойынша білімді жетілдіру мәселелері нақты реттелген.

Айта кетсек, Еврей агенттігінің жас дәрігерлер мен медициналық жоғары оқу орындары студенттерінің, IT, нақты ғылымдар, басқару және бизнес салаларындағы жас мамандардың, спортшылар мен белсенді өмір салтын ұнататындардың, фотографтардың, дизайнерлер мен өнер қайраткерлерінің мүдделері мен кәсіби қызметіне бағытталған арнайы бағдарламалары бар. Сонымен қатар Израиль тәжірибесі көрсеткендей, әмбебап және ең танымалы – 17 жастан 21 жасқа дейінгі жастарды Израиль колледждері мен университеттеріне түсуге дайындау бағдарламасы [77].

Израильде осы елге оралуға құқығы бар шетелдік отандастарына қатысты білім беру бағдарламаларының кейбір ерекшеліктеріне назар аударған жөн. Біріншіден, мектеп оқушылары үшін Израильде орта білім алуды және израильдік жетілу аттестатын алуға мүмкіндік беретін наале бағдарламасы бар. («Ноар Оле Лифней ха-һорим», яғни «жастар/жасөспірімдер ата-анасынан бұрын (елге) оралады» дегенді білдіреді). Бұл бағдарлама қаншалықты тиімді? Статистикаға сүйенсек, аталған бағдарлама жүзеге асырыла басталғалы Израильге ата-аналарынсыз келген 10 мыңнан астам жасөспірім орта білім алды. Қазір де бұл бағдарламаның түлектері Израильдің игілігі үшін әртүрлі қызмет салаларында жұмыс істейді.

Бұл бағдарлама Израиль мектептерінде халықаралық стандарттарға сай ақысыз білім мен әлемнің кез келген университетінде қабылданатын жетілу туралы куәлігін алуға, оқудан тыс бағдарламаларға қатысуға (экскурсиялар, семинарлар, мәдени және ойын-сауық шаралары), медициналық сақтандыру, қалта шығындары мен телефон байланысын қоса алғанда, тегін тұруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ оқудың бірінші жылынан кейін қатысушылар демалыс уақытында үйіне тегін ұшуға мүмкіндік алады. Бағдарламаға кәмелетке толмағандар қатысатынын ескере отырып, бағдарламаны іске асыру мерзіміне оларды Израильде тұратын туыстары немесе мемлекет тарапынан бекітілген израильдік отбасы өз қамқорлығына алады. Бағдарлама бойынша білім алушыға Израиль ішкі істер министрлігінен «шетелдік оқушы» мәртебесі беріледі.

Екіншіден, Израиль колледждері мен университеттеріне оқуға түсуге жастарды дайындаудың әмбебап және ең танымал сэла атты бағдарламасы да бар. Ол 10 ай ішінде иврит және ағылшын тілін, математика курстарын, сонымен қатар қосымша сабақтарды оқуды ұсынады. Қатысушылар (17 жастан 21 жасқа

дейін) ұйымдастырушы тарапынан толық қамсыздандыруда болады және ай сайынғы стипендия мен өзге де жеңілдіктер алып тұрады.

Үшіншіден, Израильде дәрігерлер үшін таглит (таглит – «ашылу» деп аударылады және еврей ұлтының ұрпақтары үшін Израильге он күндік сапар болып табылады) деген бағдарлама бар. Ол жас дәрігерлер мен медициналық жоғары оқу орындары студенттерінің мүдделері мен кәсіби қызметін шыңдауға бағытталған. Бұл бағдарлама қатысушыларға Израильдің жетекші ауруханалары мен медициналық орталықтарына, медициналық әскери базаға баруға, сонымен қатар медицинадағы озық технологиялармен танысуға бірегей мүмкіндік береді. Start-Up таглиті IT, нақты ғылымдар, басқару және бизнес салаларындағы жас мамандардың кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған және израильдік «экономикалық ғажайыпты» және инновациялар индустриясының феноменалды дамуын зерттеуге арналған. Extreme таглиті спортшылар мен белсенді өмір салтын ұстанатындардың мүдделеріне бағытталған және түрлі жорықтар мен спортпен шұғылдануды қамтамасыз етеді. Art-Mix таглиті заманауи би бойынша шеберлік-сыныптары, театр студияларымен кездесулер, мұражайларға экскурсиялар және т.б. іс-шаралар өткізу арқылы қатысушы-фотографтардың, дизайнерлер мен өнер қайраткерлерінің шығармашылығын дамытады.

Төртіншіден, жаңа репатрианттар үшін еврей тілін үйрету үшін Ульпан атты курс та ұсынылады. Базалық тілдік білімді шыңдаумен қатар «жаңа» азаматтар, әсіресе жастар, Израильдің мәдениеті, тарихы мен дәстүрлері, әлеуметтік-экономикалық құрылымы туралы ақпарат алады. Егер репатриант тілді білетін болса, оған оның деңгейіне сәйкес бағдарламаны таңдауға мүмкіндік беріледі. Тегін оқу мүмкіндігі елге келген күннен бастап 18 ай ішінде беріледі және әдетте аптасына 25 сағаттан бес айға созылады. Кәсіби (жоғары білімі бар мамандар үшін), зейнеткерлер мен мүгедектерге, балалар мен студенттерге арналған жазғы Ульпан курстары да бар.

Сонымен қатар студенттерге жоғары оқу орындары мен колледждерде оқу ақысын төлеу арқылы (репатриант мәртебесін алған сәттен бастап алғашқы үш жылда) көмек көрсетіледі, ал оқушылар, өз кезегінде, «оқушы қоржынын» (оқу орнына аударылатын оқулықтарды, экскурсиялар мен мәдени іс-шараларды төлеуге өзіндік дотацияның бір түрі) ала алады. Оның мөлшері баланың жасына және елге келген күніне байланысты. Сондай-ақ, репатрианттар оқудағы олқылықтардың орнын толтыру үшін қосымша сабақтарға баруға құқылы [78].

Егер Қазақстанмен салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, біздің елі-мізде бұл бағыттағы жұмыс басқа форматта болса да бастапқы деңгейде жүргізілуде.

Мысалы, шетелде тұратын этникалық қазақтарды қолдау шеңберінде Қазақстанда төрт негізгі білім беру бағдарламасы жұмыс істейді, атап айтқанда, жоғары оқу орындары базасында дайындық курстары, жоғары оқу орындарына 4% квота, колледждерге 4% квота, Болон процесі және академиялық ұтқырлық желісі бойынша стипендиялық бағдарлама. Бұл ретте, ресми деректерге сүйенсек, бөлінетін квоталар жыл сайын толық көлемде игерілмейді.

Мысалы, 2020 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орнына түсу үшін дайындық бөліміне 1 300 орын бөлінсе, тек 825 талапкер ғана түскен болатын, ал

ҰБТ-ға қатысу үшін құжаттар тапсырғандар саны 2025 болды. 2020-2021 оқу жылында этностық қазақтар үшін мемлекеттік квотаның 4%, екі мыңнан астам орынға тең болғанына қарамастан, тек 909 талапкер ғана грант иегері атанған екен. Сонымен қатар елімізде колледждерде білім алуға ниет білдірген қандастарымызға келсек, 539 қандасымыз құжат тапсырып, барлығы да оқуға түскен болатын [79].

Қорыта айтқанда, елімізде бірқатар елдердегі «карта» жүйесін, мәдени мұратты дамытудағы қытайлық тәжірибені, сонымен қатар израильдік тәжірибені қолдану арқылы мәдениет пен тілге баулу, этностық бірегейлікті сақтау және нығайту мақсатында біздің шетелдік отандастарымыз үшін қазіргі білім беру бағдарламаларын едәуір кеңейту және жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу қажеттілігі бар.

Осындай білім беру саясатын іске асыру болашақ ұрпақтың Қазақстан аумағында өмір сүруіне немесе әртүрлі кезеңдерде атажұртымен қайта қауышуына, олардың қалыптасуы мен жан-жақты дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің басты ерекшелігі – қоғамдық-саяси және әлеуметтік тұрақтылығында деп білеміз.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Өткізілген талдау нәтижесі бойынша зерттеу мақсатына қол жеткізілді және зерттеу гипотезасы дәлелденді деп санауға болады.

Тәуелсіздік алғаннан бері мәселелердің бірі – әр түрлі себептермен өз Отанын тастап кеткен отандастарды қайтару мәселесі болды. Мемлекеттің осы мәселеге қызығушылық танытуының себептерінің бірі елдегі демографиялық жағдайдың жақсаруы болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында азаматтықты алу процесі репатрианттардың құжаттарды рәсімдеуге жұмсайтын едәуір шығындарымен тоғысады. Бұл ретте жеңілдіктерді беру процедурасы жоғарыда қаралып өткендей бірізді емес және репатрианттардың (қандастарымыздың) пайдасына шешілмейді. Көп жағдайда мұндай іс барысы репатрианттарды (қандастарды) қолдау туралы тиісті заңның жоқтығына байланысты.

Шын мәнінде, «қандас» мәртебесін, Жеке сәйкестендіру номері, жеңілдетілген түрде азаматтық алудың ағымдағы тәртібі этникалық қазақтарды тарихи отанына оралуға ынталандыруға үндейтіндігін атап өту маңызды. Дегенмен, іс жүзінде отандастарымыздың келуіне теріс әсер ететін қосымша бюрократиялық кедергілер жасайды.

Репатрианттардың мәдени тұрғыда дамуында олардың медицина, қолөнер, өнер салаларындағы қабілеттіліктеріне байланысты жергілікті тұрғындарды оқыту және бос уақытын өткізу мақсатындағы үйірмелерді ұйымдастыруға болады.

Бүгінгі таңда шетелдегі қандастарымыздың арасында шынымен талантты әрі қабілетті азаматтардың саны аз емес. Мысалы, Майра Мұқаметқызы, Шұғыла Сапарғалиқызы, Бақыт Сәрсекбаев, Қанат Ислам сынды азаматтар өз салаларында өшпес іздерін қалдырып отыр. Бұл үйірмелер мемлекет тарапынан, не болмаса ақылы түрде төленуі мүмкін. Аталған шаралар жергілікті тұрғындардың әртүрлі қабілеттіліктерін дамытуы, қандастардың рухани, мәдениет және саяси саладағы айтарлықтай үлесімен қатар, жергілікті тұрғындар мен қандастардың ара-қатынасын жетілдіруде оң әсерін тигізеді.

Репатрианттардың Қазақстанда тұратын өңірлері бойынша талдау нәтижесі бойынша ұсынымдар:

1. Аз қоныстанған өңірлерде қандастарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарының санын арттыру.

